

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК  
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ Б.МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ №52  
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ**

**ӨТЕБАЙ ТҰРМАНЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН  
САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ**  
*Таңдау курсының бағдарламасы*  
**1-сынып**

**НҰР-СҰЛТАН, 2022**

Б.Майлин атындағы №52 мектеп –гимназиясының бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды ( 2022 жылғы 05.01 №3 хаттама)

**Пікір берушілер:**

**Нүптекеева Г.Б.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

**Оразахынова Н.А.** – педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

**Құрастырушы:** Калмурзина Г.К. Өтебай Тұрманжанов шығармаларын сатылай кешенді талдау. Таңдау курсының бағдарламасы. 1-сынып – Нұр-Сұлтан. 2022. – 6 б.

Бұл бағдарлама негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты және жаңартылған білім беру мазмұнын негізге ала отырып, құрастырылды. 1– сыныпқа арналған , «Өтебай Тұрманжановтың шығармаларын сатылай кешенді талдау» атты 1– сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған. Таңдау курсы оқушыларға шығармаларды мәнерлеп оқумен қатар, өлең мағынасын түсініп, әр өлең жолдарын жеке, сатылап талдауды үйретеді.

## ТҮСІНІК ХАТ

Бұл бағдарлама Нұр–Сұлтан қаласы №52 мектеп– гимназиясында Н.Оразахынованың зертханасында, 1-сыныптың «Ана тілі» пәні мазмұнын басшылыққа ала отырып, «Өтебай Тұрманжановтың шығармаларын сатылай кешенді талдау» атты таңдау курсы құрастырылған. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен меңгеруге арналған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – білім беру мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылап жүйелеп кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді оқыту – оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырумен қатар өзге пәндердің де мазмұныны аталған талаптарға сәйкес меңгертуді басшылыққа алатын оқыту.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, өз тілінде дітін орындата алатын, қазақ мәдениетін меңгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі. Бұл бағдарлама Нұр– Сұлтан қаласы Б.Майлин атындағы №52 мектеп–гимназиясында Н.Оразахынованың зертханасында тәжірибеден өткізіліп жасалды.

### **Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:**

**Мақсаты:** Оқушыларды қазақтың ақыны Ө.Тұрманжановтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту. Ақын өлеңдері арқылы халқына, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін, ана тіліне деген қызығушылығын ояту, көркем шығарманы оқуға деген ынтасын арттыру. Қазақ тілінде ойын жеткізе алатын, өз ана тілінде дітін орындата алатын, қазақтың тарихы мен мәдениетін меңгерген жан-жақты білімді, мәдени ұлттық тұлға қалыптастыру

### **Міндеттері:**

- Әр жаңа тақырыпты оқушының жас ерекшелігін ескере отырып ғылыми негізде меңгерту.
- Әр өлеңнің табиғатын танытуда оқушының жеке мүмкіндігін ашуға ықпал ету.
- Өлеңдердің мазмұнын, ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін және тақырып мазмұнын ашу арқылы танымдық дүниесін қалыптастыру.
- Кез келген шаршы топта өз көзқарасын дәлелдей отырып, шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз ана тілін, ұлттық құндылықтарын басқаларға таныта, бағалай білуге баулу.
- Берілген тапсырманы сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру.

### **Бағдарлама негізінде төмендегідей нәтижеге қол жеткізеді:**

- Сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады;
- Әр тақырыптағы материалдарды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады;
- Сөйлеу мәнері белгілі жүйеге түсіп, әуезді сөйлеуге жаттығады;
- Өзі талдап баяндап отырған материалдың ерекшелігін дұрыс ажыратып, жолдастарына, мұғалімге нанымды түрде жеткізуге бейімделеді;
- Тыңдаушы оқушылар да назар қойып, жолдасының жауабын мұқият тыңдауға дағдыланады, кеткен кемшіліктерді дұрыс аңғарып, оған түзету енгізуге үйренеді.

**Ө.ТҰРМАНЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ  
ТАЛДАУ КУРСЫ БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ - КҮНТІЗБЕЛІК  
ЖОСПАР**

## 1-сынып

№	Өтетін тақырыптар	Сағат саны	Мерзімі	Оның ішінде	
				Теориялық білім беру	Тәжірибелік білім беру
1	Кіріспе Ө.Тұрманжанов өмірі мен шығармашылығы	1		0,5	0,5
2-3-4	«Сіз», «біз» деген жылы сөз өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
5-6-7	“Білім” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
8-9-10	“Мектеп-біздің анамыз” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
11-12-13	“Кел, балалар, күлейік!” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
14-15-16	“Көктем келді гүл алып” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
17-18-19	“Жау, жау, жаңбыр, жау жаңбыр!” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
20-21-22	“Кім неге барсын ?” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
23-24-25	“Кім нені сүйеді?” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
26-27	Жатжазу	2			
28-29-30	“Кітап оқыр бір бөбек” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
31-32-33	“Жасыбайдың үңгірі” өлеңін сатылай кешенді талдау	3		2	1
34	“Мен дәрігер боламын!” өлеңін сатылай кешенді талдау	1		0,5	0,5

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ж.Аймауытов. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
3. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. –Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
4. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. –72 б.
5. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2002. –110 б.
6. Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
7. Н.А.Оразахынова. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007.–289 б.
8. Н.А.Оразахынова, Р.М.Шалова. Бастауыш сыныпта тілдік бірліктерді сатылай кешенді талдау(Оқу құралы).Алматы,2012. 149 б.
9. Қ.Сапарбаева. Әнуарбек Дүйсенбиевтің шығармашылығы.Қазақ тілі мен әдебиеті. 2005.N7
- 10.Ә.Е.Жұмабаева,Н.Ж.Құрман,Б.А.Сабденова. Алматы:Атамұра,2021.-112 б.
- 11.<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=author&id=1076>Өтебай Тұрманжанов - еңбектері жинағы (zharar.com)
- 12.Ө.Тұрманжанов туралы материалдар «Google» сайтынан.
- 13.[http://bilimdiler.kz/akin\\_zhazushi/23051-otebay-turmanzhanovtyn-olenderi-kyskasha-omirbayany.html](http://bilimdiler.kz/akin_zhazushi/23051-otebay-turmanzhanovtyn-olenderi-kyskasha-omirbayany.html)
14. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.ISBN 9965-26-096-6
- 15.“Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9